

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

как на свет выступают его лучшие качества: твердость, решительность, понимание, бесстрашие, верность и трудолюбие.

Список использованных источников

1. Аязбекова С.Ш. Бикультура как феномен взаимодействия культур Европы и Азии // Cultural and historical heritage in the context of a modern outlook formation. – London: JASHE, 2015. – Р. 44. – Режим доступа: <http://gisap.eu/ru/node/59259>
2. Paris S. Strom and Robert D. Strom. Parenting Young children: Exploring the Internet, Television, Play, and Reading. – AIP 2009г. 197 с.
3. Рав А. Кушнir. Основные принципы воспитания детей, 2004 г. – Режим доступа: http://toldot.ru/cycles/cycles_140.html
4. Рудольф Штайнер. Принципы Вальдорфской педагогики. **Методика обучения и необходимые условия воспитания**, – ЛОНГИН, 2012 г., 160с.
5. Timothy S. Stuart, Mona Stuart. Raising Children At Promise: How the Surprising Gifts of Adversity and Relationship Build Character in Kids, Jossey-Bass, 2005, 176 с.
6. Старшенко И. Дети XXI века. Воспитание. // Материалы статьи Дети XXI века. Воспитание. – 2013 г. – Режим доступа: <http://www.istashenko.com/2013/09/deti-21-veka-vospitanie/>

УДК 13.91

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ – МӘДЕНИ ДӘСТҮР ТҮРІ

Шарапов Нұрболхан Ерболханұлы

Asnur.1989@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

философия кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.А.Адаева

Мейрам мемлекет тарихындағы ең маңызды күндермен, діни культтармен байланысты. Қазіргі ғылыми энциклопедияларға сүйенсек, ерте заманда мейрам қандай рөл атқарса, қазір де сондай адам өміріндегі маңызды рөлді иеленеді. Мейрамның негізгі коммуникативті, идеологиялық немесе тәрбиелік, интегративті, регулятивті, компенсаторлық және эстетикалық қызметтері бар.

Мейрамның идеологиялық, тәрбиелік қызметі арқылы ұрпақтың салт-дәстүрден алшақтамауы, ата-бабамыздың сенімі мен ой-идеяларын жоғалтпауы қамтамасыз етіледі. Негізінде идеологиялық сипат мейрам табиғатына тән нәрсе, сондықтан оны әрқашан үстем тап өкілдері қоғамдағы бірлікті, мемлекет ішіндегі ынтымақтастықты нығайтуға үнемі қолданып келгенін адамзат тарихынан байқаймыз. Қазақстандағы дәстүрлі, ұлттық және діни мерекелермен қатар, жаңа мерекелер де идеологиялық, яғни тәрбиелік сипатқа ие болуда.

Интегративті қызметі арқылы мейрам қоғамды, соның ішінде (аймақтық, кәсіби, этникалық, діни және т.б) топтарды біріктіреді.

Мейрамның регулятивті қызметі де адам өмірінің негізгі кезеңдерін стандарттайды. Бұл қызмет түрі мейрамның көптеген түрлерінде кездеседі, соның ішінде – туған күнді рәсімдеу, адамның дүниеге келуін, өлім және оны жерлеу салттары, күнделікті қоғам өмірін қалпына келтіру, қандай тамақты пайдалану сияқты халық үшін маңызды қыметтерді атқарады.

Мейрамның компенсаторлық қызметі адам организмінің еңбектену және күнделікті күйбең тіршілік барысында сарқылған күш-қуатын толықтыру барысында көрініс табады. Күн сайынғы қайталанатын процесстерден ада болған адам, басқа бір әлемге енгендей күй кешіп, психологиялық және рухани компенсация алады.

Мейрамның эстетикалық қызметі тек мейрамдарға ғана тән емес, ол адам өміріндегі кеңістік пен уақытты қайта рәсімдеу, оларға қуаныш пен үйлесім кіргізу арқылы адамдарды

қоғам өмірімен байланыстырады. Бұқаралық мәдениеттің ішкі көрінісі анықтық, тиімділік, ауқымдылық сияқты кең көлемдерімен бұқара санасының мүмкіндіктеріне еніп, идеалды, эстетикалық қағидалар мен құндылықтарды белгілейді. Қай кезеңде болмасын, мейрамдар қоғамның эстетикалық идеалдарын нығайтуға ерекше қызмет етті.

Мейрамның коммуникативті қызметіне тоқталатын болсақ, оның ерекшелігі қоғамның жадында сақталып, үнемі әлеуметтік кеңістікке трансляцияланатын рәміз, рәсім және мәдениеттегі циклдік қайталануы арқылы көрініс табады. Мысалы, Ораза және құрбан айт, Наурыз мейрамдары.

Енді, Наурыз мейрамына кеңірек тоқталып өтсек. Адам баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап қартайып дүниеден өткенге дейінгі өмірі, сан ғасырлық наным-сенімі, таным-түсінігі, қоғамдық даму барысындағы ізденістері жинақталған салт-дәстүрлер аясында болады.

Қазақ халқының байырғы ұлттық күнтізбесінің қалыптасуына кезінде соғдарлар мен хорезмдіктердің өскелең мәдениетінің де әсері болғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан да болар, тілдік төркіні әртүрлі қазақтың ай атауларының біразы (наурыз, сәуір, маусым, шілде, т.б.) иран тілдерінің әсері арқылы қалыптасқан. Солардың бірі - Наурыз айының атауы. Бұл – иран тілінде нау «**жаңа**» және руз «**күн**» деген екі сөзден тұратын, барша түркі әлемінде «жаңа жылдың алғашқы күні», «жыл басы», «ұлыстың ұлы күні» деген мағынада етене қалыптасқан байырғы атауларының бірі. Ал қазақ күнтізбесінде ай ретінде атауының басты себебі, «Наурыз» мерекесін қыс бойы дайындалып, асыға күткен қазақ халқының бүкіл бір ай бойы тойлайтын әдетімен байланысты болса керек.

Наурыз айы қазақ жерінің әр өлкесінде әртүрлі аталып келген. Мәселен, батыс өңірінде **амал** («араб тіліндегі хамал сөзінен»), Арқада **отамалы**, Жетісуда **көкек** атаулары қолданылған.

Наурыз айы байырғы қазақ күнтізбесіндегі жұлдыз (зодиак) айлары бойынша **хамал** деп аталған. Хамал сөзі араб тілінде «қозы» деген мағынаны білдіріп, жұлдыз айлары бойынша «Тоқты шоқжұлдызының» атауы болып табылады. Ақын Е.Өтегілеуовтің күнтізбе тақырыбына жазылған өлеңінде Наурыз айының сипаты да дәлме-дәл берілген:

Белгісіндей өткен күн
«Амал» аты қалыпты.
Наурыз – басы көктемнің,
Сүйікті айы халықтың.
«Түске дейін мүйіздей»,
Қар қатпақ боп бағады,
«Түстен кейін киіздей»,
Босап, бұлақ ағады.
Күн күлімдеп таранар,
Табиғаттың шартымен [1].

Наурыз – бірде киіз, бірде – мүйіз. Наурыз айындағы ауа райының өзгеріп, бірде жылы, бірде салқын болып, құбылып тұратындығын аңғартып тұр.

Наурыз – ерте заманда отырықшы иран тілдес халықтарда қалыптасқан, егіншілік ғұрыптармен байланысты мейрам. Наурыз мейрамы күн мен түннің теңелуіне негізделген, яғни қыс қайтып көктемнің келуі, табиғаттың тірілуімен шеңдестіріліп, егін егу науқанының басталуы үлкен мейрам болған. Уақыт өте келе Наурыз мұсылман түркі елдерінің төл мерекесіне айналды. Көне заманнан бері Наурызды күн мен түннің теңелген уақытында, яғни жаңа күнтізбе бойынша наурыздың 22-сінде жыл басы ретінде тойлап келе жатыр. Наурыз жайлы ел жадында сақталған аңыз-әңгімелер, ұғым-түсініктер, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер көп. Көктемгі күн мен түннің теңелуінен кейінгі күннің ұзара бастайтын уақыты – ұзынсары деп аталады. Үш ай бойғы қыстың суық ызғары кетіп, жер-дүние жаңарады. Аналарымыз «ұзынсарыға» деп, қыс бойы сүрленген соғымның етін сақтап қояды. Ел аузында ұзынсарыға байланысты қызықты әңгімелер де баршылық. Соның бірі: бірде енесі жаңа түскен келініне «Етті шамалап пайдалан, кейінге қалдыр, ұзынсарыға қалдыр, ертең ұзынсары келгенде

жейміз» деп айта беретін көрінеді. Күндердің бірінде сол үйге ұзын бойлы, сары өңді кісі келген екен. Келген қонаққа келіні үйіндегі қыс бойы сақтаған бар етін асып, асты-үстіне түсіп, бар тәттісін келген қонақтың алдына ұсынып, біраз әбігерге түсіпті. Келінінің әлгі кісіні соншама құрметтеп баққанын байқаған енесі «Қарағым, мұның не, етті түгел асып тастағаның не?» деп сұраса, келіні «Апа, өзіңіз емес пе, ұзынсары келгенде асасың деген» депті мүдірмей [2,5].

«Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден этностың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Халқымыздың бар болмысын, өмірлік тәжірибесі мен дәстүрлік құндылықтарын көрсететін бірден бір мейрам - Наурыз мейрамы.

Қазақ даласында Наурыздың қандай сипатқа ие болғандығын этнограф-ғалым А.Сейдімбек былайша суреттейді: «Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр (Қыдыр) қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыруы үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді...

Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша қызықтар көрсетеді... Осынау қызық-думанның ішінде «жанды қуыршақтың» жөні бөлек. Ол үшін жастар ауылдағы нөқта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім - кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына ескі шелек байлайды да: «Ұлыс таң атып қалды, бар елге хабар бер!» деп, шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп-бақырып жөнеледі. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шал-шауқан ербиіп шығады, жастар мәз-мейрам болысады...» [3, 288].

Тілімізде Наурыз мейрамын әртүрлі концептуалды ұғымдармен байланыстырып, «Ұлыстың ұлы күні», «Ұлы күн», «Әз Наурыз» деген атаулар қалыптасқан.

Наурызға тән ұғымдардың барлығы да бір ғана мерекенің мәнін ашудан шыққан десек қателесеміз. Керісінше, Наурыздың мерекелік сипатқа ие болуының өзі белгілі бір ежелгі адамзаттық идеяның түрлі сенімдер мен тұжырымдарға бөлшектелмей тұрғандағы тұтас үрдісінің шырқауынан шыққанын Наурыз мейрамына тән төмендегідей ұғымдардан көре аламыз:

Көк - аталық негіз, барлық игіліктің көзі; ғаламды билеуші Жаратқанның тұрағы.

Құт - Ұлы күштің, Жаратқанның батасымен байанды болатындай кепілі бар құбылыс пен құдырет көзі. Қазақтың **«Құтты болсын!»** айту дәстүрінің түбінде кез келген қуанышты құбылыстың құдыретті Көктің қолдауына ие болуын, Тәңір ырқына негізделуін тілеу арқылы оның баянды болуын аңсау жатыр.

Қыдыр ата - Жаратқанның, Ұлы құдыреттің атынан жер бетін аралаушы және адамзатқа құт үлестіруші, оны қолдаушы кемел Рух.

Ұмай ана - аналық негізді әйел бейнелі тұлға, береке мен қайырымның көзі, жер бетіне Жаратқанның бұйрығымен дарыған игіліктерді туындатушы, еселеуші, молайтушы кейіп; Жердің мифтік бейнесі, киесі.

Жылкие - әрбір жылдың мазмұнына сәйкес келетін түрлі жылдардың киесі саналатын хайуандар тұлғасы; он екі жылдық мүшелге сәйкес 12 жылкие болады.

Ырыс - Жаратқанның бұйрығымен, Қыдыр атаның батасымен даритын сый.

Береке - адамдардың ниетіне ризалықтан Тәңір мен Ұмай тарапынан бұйыратын табыс, жеміс, бұйырым.

Жолтерек - жаңажылдық Өмір ағашы; Көк пен Жер арасындағы жол, науан; Жоғарғы және Төменгі дүниелерді жалғаушы Бәйтерек; Көк күмбезін «тіреуші» бақан. Жолтерек

адамзатқа жаңа (ну) қайырымдар легі мен енапат (нау) ырысты өз бойымен жеткізуші және Көкке, Жоғарғы дүниеге адамдардың ниет-тілектерін жөнелтуші ғаламдық өзек, жоларна.

Наурызкөже (жеті дәм)- ғаламдық құбылыстың кемелденген дәмін паш етуге арналған, Наурыз мерекесіне арнап жеті дәмнен пісірілетін ырымдық ас. Наурызкөженің мәні - «ескі» дәмдерді біріктіре отырып, жаңа жас дәм алу.

Жеті(к) үн (жетіген) - ғаламдық құбылыстың кемелденген үнін паш етуге арналған, жеті дыбыстың бірігуінен шығатын қасиетті әуен; Іңірдің күш алуынан туындайтын «**ыңырсудың**» алдын алу ниетінен қалыптасқан рәсім.

Көрісу - қазақтың қуаныш пен қайғыдағы ниет біріктіру ырымы, ғұрпы; адамдардың бір бірімен төс қағыстыра сәлемдесуі. Көкіректерді түйістіру арқылы, адамдардың бір бірімен бұлайша сәлемдесуі, көкірекке ұялаған жағымды ниеттер мен бастамаларды біріктіру ниетінен шыққан.

Шырақ жағу - шырақ жағудың бірнеше мәні бар: Қыдыр атаның жолына жарық түсіру; отауды аластау, лас қуат пен кірден тазарту; үйдегі құт пен ырысты, жылу мен ошақты қадірлеу белгісі; аруақтармен сыйласу, оларға құрмет көрсету нышаны. Шырақ жалғыз болмауы керек.

Ырыс таңы. Бұл - Көктен жаңа ырыс тілеу; жаңа Уақыттың жаңарған Кеңіске (жерге) келуін тілеу, пенделік пиғыл мен ниеттерді бір мезгілде бір арнаға тоғыстырып, Жаратқанға құрмет көрсету, оның назарына ілігу; таң атқанға дейін салтанатпен ұйқысыз өткізу. Наурыздың 21-нен 22-не қараған түнгі таңның алғашқы сәулесін қарсы алып, басқы таңға сәлем ету, жас сәулеге шому, алғашқы пәк қуатқа кенелу рәсімі.

Ұйқыашар. Бойжеткендер тарапынан ғашық жігіттеріне арнап пісірілген Ырыс таңын (Қыдыр түні) қарсы алу кезіндегі дастархан мәзірі.

Селт еткізер. Жігіттер тарапынан бойжеткендерге арнайы, алдын ала, әзірленген сыйлық.

Осы тұрғыдан алып қарағанда наурыздың тіні үш санаттан (категория) тұрады және үш негізге сүйенген болмысы бар екендігін көруімізге әбден болады. Оның үш негізі: **құбылыстың, жылдың және маусымның басы екендігі**; ал үш санаты: **дәм, үн және өң** [4, 14].

Наурыздық санаттар о баста Құбылысты құрайтын құрамалар ретінде мойындалған болуы керек. Ертеде халқымызда құбылыстың белгілі бір қорегі (дәм), үдерістің дыбысы (үні) және нәтиженің өңі (бояуы) болады деп мойындаған десек. Осыдан келіп, Наурыз Құбылыс басы ретінде қабылданады да, барлық істің бастауы есебінде қайырым мен жақсылықтың нышанындай бұлақ көзін ашу, дақылды өскіндету, гүлді және ағашты етуге, болашақ ұлы істі бастауға, бойжеткен мен ержеткенді қосуға итермелейтін ойындар мен кештерді ұйымдастырып, «ұйқыашар» ырымдарын жасауға, «селтеткізер» сыйлауға т.б. тек қана жақсылық ырымдарына негізделген «жақсылықтың басы ғана жақсылыққа ұласады» деген бастамаларға орын берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өтетілеуов Е. Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика - фразеологиялық бірліктері. – Алматы. 1997
2. Исаева Г. Ұзынсары.// «Ана тілі» газеті, № 11, 17-24 наурыз 2016.
3. Сейдімбекұлы А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. - Алматы, 1997.
4. Бөлекбаев А.Б. Наурыз мейрамының әлемнің ұлттық бейнесіндегі сипаты. Конференция материалдары. – Ақтөбе, 2013.